

5. Курбанова Н.У., Бекбоева А.К. Кыргызстан – вторая родина детей эвакуированных детских учреждений в годы Великой Отечественной войны // Вестник Киргизского государственного университета имени И. Арабаева. – 2020. – №4. – С. 91-104.
6. Российский государственный архив социально-политической истории. Ф. 17. Оп. 44. Д. 408. Л. 244.
7. Центральный государственный архив Республики Казахстан (далее ЦГА РК). Ф. 1692. Оп. 1. Д. 649. Л. 5, 12, 13, 15-16, 55, 113.
8. ЦГА РК. Ф. 1692. Оп. 1. Д. 532а. Л. 1, 6, 52, 73-75, 91, 95.
9. ЦГА РК. Ф. 1692. Оп. 1. Д. 763. Л. 18.
10. Карагандинская область в годы Великой Отечественной войны. Дети тыла: сб. докум. и матер. / сост. Ж.Ж. Турсунова и др. – Караганда: ТОО «Арка и К», 2015. – 208 с.
11. Алексеенко М.А. Об эвакуированных в Кустанайскую область детских домах, положении воспитанников детских домов и розыске детей (по документам Государственного архива Кустанайской области) // История. Память. Люди.: матер. 10-й междунар. науч.-практ. конф. – Алматы, 2020. – С. 202-208.
12. Сергазин Ж.С. Размещение эвакуированного населения и материальных ресурсов в Казахстане в годы Великой Отечественной войны. 1941-1943 гг.: дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. – Алма-Ата, 1982. – 247 с.
13. Государственный архив карагандинской области (далее ГАКО). Ф. 18. Оп. 1. Д. 557. Л. 50, 140, 159.
14. Архив Президента Республики Казахстан (далее АП РК). Ф. 708. Оп. 6/1. Д. 465. Л. 4.
15. ГАКО. Ф. 664. Оп. 1. Д. 29. Л. 26-27, 28, 54-55, 76-181.
16. ГАКО. Ф. 18. Оп. 1. Д. 610. Л. 4, 15-16, 66.
17. Абрамович А. Эпизоды еврейской эвакуации 1941–1942 гг. в Карагандинскую область // Эвакуация: воскресая прошлое: матер. междунар. науч. конф. – Алматы, 2009. – С. 103-119.
18. АП РК. Ф.708. Оп. 7/1. Д. 701. Л. 66, 67.
18. ГАКО. Ф. 664. Оп. 1. Д. 36. Л. 1, 2, 3, 6, 15, 19, 23, 48, 54, 197, 203

ДЕПОРТАЦИЯ САЯСИ РЕПРЕССИЯНЫҢ БІР ТҮРІ РЕТІНДЕ

*Мұхтар Ә.Р., 2-курс магистранты
Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ
Қарағанды қ., Қазақстан*

Құл иеленушілік кезеңнен бастап, күні кешегі 20-шы ғасыр ортасына дейінгі адамзат тарихында біраз этностар пайда болып, біршамасы жойылып кетті. Белгілі бір кезеңдер арасында бұл үрдіс қарқынды жүрсе, бір кезде қалыпты жағдайда болды. Этностардың өсімі мен кемуін 20-шы ғасырға дейін жаулап алушылық соғыстармен, құл иеленушілік үрдісімен түсіндіруге болса, өткен ғасырда бұл үрдістерді түсіндіру үшін тарих ғылымында репрессия және депортация ұғымдары пайда болды. Бұл ұғымдар 1992 ж., Босниядағы соғыс қарсаңында пайда болған «этникалық тазалық» тіркесі барысында жаңа мәндерге ие болып, әлемдегі барлық тілдерге интерпретацияланып, негативті тон қалыптастырды. Өз кезегінде бұл дүние Холокост, ГУЛАГ, Пораймос (Үшінші рейх тұсындағы еуропалық сығандардың қырғыны), аштық (КСРО-дағы 30-шы жылдардағы аштық) және басқа да «этноцид», «геноцид», «социцид», 1912-1922 жж. және 1939-1949 жж. Орталық және Шығыс Еуропа халықтарын күштеп қоныс аудару естеліктеріне басқаша көзқараспен мүмкіндік берді [1, 5 б.].

Жалпы түсінікте репрессия бұл қоғамдағы бір топтың екінші топқа қатал және әділетсіз қарым-қатынасы. Өз кезегінде репрессиядан депортация және этноцид, геноцид, социцид сынды тармақтары бөлініп шығады.

Жоғарыда аталған түсініктерді кездестірген немесе естіген кезде бірден еске түсетін жағдай ол әрине КСРО тарапынан болған әр түрлі ұлттарға, жекелеген адамдар мен белгілі бір топтарға жасалған репрессия немесе депортация.

Кеңес мемлекеті пайда болған сәттен бастап өз азаматтарын әскери жұмылдыруға және сонымен бірге оларды бақылауға алуға тырысты. Бұл қарама-қайшы мақсат кеңестік жүйенің күйреуіне апарған проблемалардың негізі болды. КСРО-ның орасан зор Еуразиялық кеңістігін мекендеген көптеген орыс емес халықтарды әскери жұмылдыру тәсілдердің бірі, оларға автономия мен өзін-өзі басқарудың белгілі бір дәрежесін беру болды. 1917 жылғы революцияның жеңісінен кейін большевиктер ұлттардың тәуелсіздік пен өзін-өзі анықтау құқығы туралы ұрандарынан Одақтың бөлінуіне дейін тез бас тартты. Оның орнына 1920-шы жылдар мен 1930 — шы жылдардың басындағы кеңестік ұлттық саясат одақтас субъектілерді өздерінің ұлттық сана-сезімін қатаң белгіленген географиялық шекараларда дамытуға шақырды. Осы шекараларда Кеңес мемлекеті ұлттық элиталарды өсіріп, оларға өз халықтарын басқаруға мүмкіндік беретін құрылымдарды құрды. Ұлттық өзін — өзі басқаруды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жерде (ұйымның ең төменгі деңгейі-автономиялық облыстар мен округтер) Кеңес өкіметі колхоздар мен совхоздар құруда этникалық принципті қолданды.

Наркомның алғашқы халық комиссары және Кавказдың тумасы ретінде Сталин ұлтшылдықтың қандай жойқын күшке ие екенін және жана, көпұлтты Кеңес мемлекетіне қандай қауіп төндіретінін жақсы түсінді. Сондықтан мемлекетті басқара отырып, ол бірден ұлтшылдықты тежеу үшін жекелеген этникалық топтар үшін осы күрделі ресми автономия құрылымын құра бастады. Бұл туралы ойын ол өзінің «Марксизм и национальный вопрос» еңбегінде қалдырып кеткен еді.

Бұл жердегі басты идея КСРО-дағы ұлттық айырмашылықтар түпкілікті жойылғанға дейін оны «формасы бойынша ұлттық, мазмұны бойынша социалистік» ету болды. Бұл арада коммунистік партия аз прогрессивті халықтар арасында үгіт-насихат жүргізіп, оларды социализмге үйретіп, тек буржуазиялық немесе реакциялық болуы мүмкін деп саналатын ұлтшылдықтың барлық өсінділерін тоқтатуы керек еді. Сонымен бірге, Кеңес мемлекеті оның үлкен мөлшері мен көпұлтты сипатына қарамастан, халықтың бүкіл ел бойынша қозғалысын бақылауды жоспарлады. Халық статистикасын жүргізудің басталуы, сондай-ақ Ресейдегі көптеген адамдардың көші-қоны мен қоныс аударуын тиімді бақылау империялық үкіметтің сарқыншағы еді [2, 136 б.].

Ұлттық топтардың өздерінің мәдени-тілдік ерекшеліктерін көрсетуге және өздерінің білім беру және экономикалық саясатын қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар ресми тәуелсіздікті талап етуге дайындығының артуы Сталинді басқаларға қарағанда аз қуантты деп айтуға негіз бар. Оның «Грузин ісіндегі» рөлі (1923), барысында ол грузин коммунистерін қорлап, өзін барынша тәкәппар қожайын ретінде шебер ұстады деп сипатталуы, Ленинге грузин ұлтынан шыққан, ұлы орыс шовинисті Сталиннен күдіктенуіне себеп болды [3, 86 б.].

1924 жылы қаңтарда большевиктер революциясының жетекшісі және кеңестік Ресейдің бірінші билеушісі Владимир Ильич Ленин қайтыс болғаннан кейін Иосиф Сталин билікке келді. Талантты саяси манипулятор және партияның сенімді мүшесі Сталин Саяси Бюроның басқа мүшелерін, соның ішінде тамаша теоретик және спикер бірақ шебер емес саясаткер Лев Троцкийді жеңіп, большевиктер партиясын бақылауға алды. Сталиннің билік үшін күресте көрсеткен қаттылығы мен табандылығы оның бүкіл билігінде 1920 жылдардың аяғынан 1953 жылдың наурызында қайтыс болғанға дейін жалғасты.

Кеңес халқына қатысты сталиндік зорлық-зомбылық оның саяси шешімдерінің даналығын түсінбегені және қабылдамағаны үшін қатаң қуғын-сүргін, жаза түрінде

болды. Ұжымдастырудың сәтсіздіктері үшін кедей адамдардың еңбегін пайдаланған және колхоздар құру науқанына бас көтерген бай шаруаларға жауап беруге тура келді. Кулактар таптық жау ретінде танылды және осы санатқа кіргендердің ішінде: ұжымдастыруға наразы болған барлық шаруалар, бай да, кедей де, ауыл дінбасылары да, басқа ауыл тұрғындары да бар.

Марксистік – лениндік идеологияға негізделген саяси жүйе халықты әскери жұмылдырудағы басты мақсаттарының бірі, жүйенің жауларымен күресуде маңызды рөл атқарды. Жаңа мемлекеттің алғашқы жаулары ақсүйектер мен буржуазия өкілдері болды, бірақ олар, ресми нұсқада айтылғандай, азаматтық соғыс кезінде толығымен жеңіліске ұшырады. 1920 жылдардың аяғында жаңа жау пайда болды – кулактар. Бұдан басқа ауқатты шаруалар және ауқатты деп саналатындар және олардың отбасылары.

1932 жылы олардың негізгі бөлігі — шамамен 1,1 миллион астам адам – қиыр солтүстікке, Сібірге, Қазақстан мен Орта Азияға жер аударылды. Дәл осындай тағдыр 1930 жылдардың басында инженерлер және басқа буржуазиялық мамандардың басында да болды[2, 139 б.].

ОГПУ – дің 1931 жылғы 15 наурыздағы құпия меморандумында науқанның мақсаты ауылшаруашылық аймақтарының кулактардан «толық тазарту» екендігі айтылған. Ең қауіпті кулактың өкілдері «дереу жойылуға» ұшырады, қалғандары жер аударылуға жіберілуі керек болды. Науқан ұрандарының бірінде: «Біз мыңдаған кулактарды айдауға жібереміз және қажет болған кезде бұл кулактарды атамыз», – делінген. «Кулактардан біз сабын дайындаймыз», «біздің таптық жауымызды жер бетінен құрту керек», – деп ұрандатып, қауіп төндіргендер де болды. Осы орайда коммунистерден, ауылдағы кедейлерден және жергілікті басбұзарлардан тұратын отрядтар өте жауыздығымен көзге түсті. Бұл адамдар, ОГПУ есебінде атап өткендей, «жалаңаштанған адамдарды көшеге қуып жіберіп, оларды ұрып-соғып, тінтілген пәтер ішінде ішімдік ішіп, пәтер иелеріне оқ атып, күдіктілерге өздері үшін қабір қазуға мәжбүрлеп, әйелдерді тыр жалаңаш шешіндіріп, табылған ақшаны, құндылықтарды және т. б. иемденіп, жеке тінту жүргізген.»

Шамамен 30 мың кулак атылды, 10 миллионы өз үйлері мен шаруашылықтарынан айырылды, оның ішінде 2 миллионы жер аударуға жіберілді. Кеңес шенеуніктері үшін «кулактар» әлеуметтік категориясы тұқым қуалайтындай және тіпті нәсілдік белгілерге ие болатындай көрінді. Кулактарды отбасыларымен бірге итжеккенге жіберді (және өлім жазасына кесілді), ал тірі қалған балалары, тіпті кулактардың немерелері өмірінің соңына дейін «халық жауының ұрпақтары», – деген сүйекке басылған таңбамен өмір сүруге мәжбүр болды.

Ресми айыптау құжаттарында кулактар «халықтың жауы» деп аталғанымен, сонымен қатар оларды дегуманизациялық атаулармен «шошқалар», «иттер», «тарақандар» деп атады. Бұдан бөлек «қоқыс», «паразиттер», «жексұрын» және «қоқыс» деп айдар тағылғандықтан, оларды тазарту, ұсақтау, жою қажет, – деген ойлар белең ала бастады.

Жазушы Максим Горький оларды «жартылай жануарлар» деп атаса, ал кеңестік газеттер мен үгіт – насихат материалдары оларды маймылдар ретінде жиі бейнелейтін [4, 144 б.].

Амир Вайнердің пікірінше, таптық жаулармен күрестің ұлттық деңгейі процесінің бетбұрыс кезеңі 1936 жылдан басталды. Яғни социализмнің құрылысын жариялаған және «халық жаулары» ұғымын ресми түрде бекіткен жаңа кеңестік («Сталиндік») Конституцияны қабылдаудан.

Осы сәттен бастап, Вайнердің ойынша, күрестің негізгі бағыты таптық жаулардан ұлттық (немесе «биологиялық») жауларға ауысты, ал дұшпандық таптардың депортациясы дұшпандық халықтардың депортациясымен ауыстырылды. Біртіндеп «тап» және «ұлт» категориялары біріктірілді.

1920-1950 жылдары тұрғындарды күштеп көшіру – сталиндік қуғын-сүргіннің негізгі құрамдас бөлігіне айналды. КСРО-да депортацияға ұшырағандардың саны 1920-1949 ж.

аралығында 3,2 млн адамға жетті. Жаппай қуғын-сүргіндік көші-қондардың төмендегідей түрлері қолданылды:

- Этностық белгілері бойынша (жазаланған халықтар, шекараларды тазалау, сенімсіз халықтар);

- Әлеуметтік-таптық белгілері бойынша (1934 ж. дейінгі кулактарды жер аудару) кезінде келгендерді арнайы көшірілгендер деп атайды;

- Саяси мүдде негізіндегі 1934-1944 ж. көшірілгендерді «еңбек қоныстарындағылар» деп атады. 1944 ж. бастап арнайы қоныс аударылғандар деген атау қолданылды.

Жалпы депортацияның құрбандары бұрынғы КСРО-ның 11 халқы болды (немістер, поляктар, қалмақтар, қарашайлар, балқарлар, ингуштар, шешендер, Қырым татарлары, корейлер, гректер, финдер), 48 халық ішінара депортацияланды. Бұл адамдар Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында және соғыстан кейінгі алғашқы жылдары тұрғылықты жерлерінен қуылды. Жоғары партиялық – мемлекеттік басшылығының шешімдерімен депортацияланған халықтар КСРО-ның шалғай, халқы аз және тұруға жарамсыз аудандарына жер аударылды. Ұлттық қуғын сүргінге ұшырағандардың жалпы саны 3 миллионға адамға жуықтайды.

Шетелдік азаматтар да саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Коминтерннің көптеген жұмысшылары, неміс политемигранттары, поляктар, австриялықтар, моңғолдар, американдықтар, венгрлер, чехтар, словактар және басқалары қуғын – сүргінге ұшырады.

Кеңес өкіметі жылдарында саяси қуғын-сүргіннің құрбаны ересектер ғана емес, балалар да болды. Тек олардың ата-аналары дворяндар, патша офицерлері, "жұдырықтар", "троцкистер", "халық жаулары", диссиденттер, болғаны үшін ата-аналарымен бірге айдауға жіберілді немесе депортацияланды. Ата – аналары қамауға алынған жағдайда арнайы балалар үйлеріне орналастырылды, немесе басқа да бас бостандығынан айыру мен құқықтық шектеулеріге ұшырады.

Барлық діни конфессиялар өкілдері саяси қуғын – сүргінге ұшырады. Солардың ішінде орыс православие шіркеуіне қатты соққы берілді. 200 мыңнан астам православие дінбасылары репрессиялық саясаттың құрбаны болды. Мұсылмандықты ұстанатын адамдарда қатты қуғын – сүргінге ұшырады. 30 – шы жылдардың аяғынан бастап иудаистерге қарсы репрессия күшейе түсті. Беларусь, Украина және Ресей синагогаларының көптеген раввиндері мен басқа министрлері зардап шекті. Репрессиялық саясаттың тәжірибесі дін қызметкерлерін діни сенімдері үшін қудалау болғанымен, бірақ сот процесі үшін қылмыстық құқық бұзушылықтар (пара, теріс пайдалану үшін жалған істер бойынша соттау болды қызметтік жағдайы және т. б.) сынды айыптар тағылды [5, 4 б.].

КСРО-дағы көші – қон процесінің негізгі катализаторы ретінде, депортация тоталитарлық жүйенің құрамдас бөлігіне айналды. Ал, өз кезегінде депортация саяси репрессияның бір түрі екені сөзсіз факт. Бұл ауқымды тарихи жайт ХХ ғасырдың 50-ші жылдардың басына қарай 6 миллионға жуық адамды қамтыды. Соның ішінде: 2,5 миллионға жуығы «кулактарды жер аудару» және соған сәкес келетін контингентті жер аудару құрамында болса, 3,5 миллионға жуығы 1940-1952 жылдары негізінен, «жазаланған халықтар» өкілдері.

Бұл шара ССРО-ның 15 залқын және түрлі ұлттарға жататын 60-тан астам халық топтарын қамтыды. 1935-1940 жылдары әскери мақсатта шекаралас аймақтарды сонда тұрып жатқан, бірақ іргелес жатқан елдердің халықтарына этникалық жақын болып келетін тұрғындардан «тазалау» туралы шешім шығарылды. Қуғын-сүргін этникалық тамыры шетелдік болып табылатын, шекаралас мемлекеттермен мәдени және тарихи байланыстары бар халықтарға қарсы бағытталды.

Сан мыңдаған тағдырларды тас – талқан еткен бұл террорлық саясат әрине, Қазақстанды да айналып өтпеді. Қазақстан Кеңес Одағының құрамында болғандықтан, басқада одақтас елдер секілді репрессия құрбандарын қабылдады. Осылайша, 1936 жылы поляктар мен немістерді алғашқы советтік жаппай депортациялау басталды, ал 1937 жылы

Қиыр Шығыс аудандарынан кәрістер көшірілді. Дәл осы кезде КСРО-ның оңтүстік шекараларынан Қазақстанға күрдтер, армяндар мен түріктер жер аударылды. Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін 1941 жылдың тамызында «Еділ бойында тұратын немістерді көшіру туралы» жарлық жария етілді.

1944 жылдың мамырында Мемлекеттік қорғаныс комитеті тұрғындардың бір бөлігі фашист басқыншыларымен ынтымақтас болды деген желеумен Қырым татарларын көшіру туралы қаулы қабылдады. 1943-1944 жылдары Қазақстанға Солтүстік Кавказ халықтарының өкілдері: қалмақтар, балкарлар, шешендер, ингуштар, қарашайлар, месхетин түріктері жер аударылды.

Осылайша, 1937-1944 жылдары жер аударылған – бір миллион бір жүз мыңнан астам адам Қазақстаннан екінші отанын тапты.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Энциклопедия изгнаний: Депортация, принудительное выселение и этническая чистка в Европе в XX веке / редкол.: Д. Брандес, Х. Зундхауссен, Ш. Трёмст ; при участии К. Кайзеровой, К. Рухневича ; отв.ред. Д. Мешков ; [пер. с нем. Л. Ю. Панфиной]. – М. : Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2013. – 727 с.

2. Неймарк, Норман М. Пламя ненависти: этнические чистки в Европе XX века. Серия «АИРО — ПЕРВАЯ ПУБЛИКАЦИЯ В РОССИИ» под ред. Г. А. Бордюгова. — М.: АИРО-XX; СПб.: Дмитрий Буланин, 2005. — 320 с.

3. Неймарк, Норман. Геноциды Сталина. – М.: АИРО-XXI, 2011. – 176 с.

4. Неймарк, Норман. Геноцид: всемирная история / Перевод Ирины Давидян. – М.: АИРО-XXI, 2021. – 256 с.

5. https://www.memo.ru/media/uploads/2017/08/22/mezhdu-sochuvstviem-i-ravnodushuem_reabilitacia-zhertv-sovetskikh-repressiy.pdf

ОТЕЦ И СЫН: МУХАМЕДХАН СЕЙТКУЛОВ — ДРУГ И СОРАТНИК АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА И КАЮМ МУХАМЕДХАНОВ — УЗНИК КАРЛАГА

*Сактаганова З.Г., д.и.н, профессор,
Сатыбалдина Г.Б, магистрант 2 курса
КарУ им. Е.А. Букетова, г. Караганда*

За каждым именем в списке жертв репрессий стоит живая история. Одной из таких историй была история отца и сына - Мухамедхана Сейткулова и Каюма Мухамедханова.

Мухамедхан Сейткулов (1870–1937) - сподвижник алашордынцев, образованный и благородный человек, преподаватель Ислама. Был ярким представителем духовной элиты казахского народа рубежа XIX и первых трех десятилетий XX веков. Он задавал вектор духовного и нравственного развития для своего народа. М. Сейткулов давал уроки ислама в мечети Тыныбай, а впоследствии служил имамом в мечети № 6, известной как мечеть Ахмета Ризы. Гостеприимный дом Сейткулова в городе Семипалатинске был всегда открыт для встреч и дискуссий о прошлом, настоящем и будущем народа. Он поддерживал отношения с писателями и издателями того времени. М. Сейткулов слыл щедрым меценатом. Он сделал много добрых дел, для того чтобы не оборвалась духовная связь времен. Знаковые фигуры нашей истории, составившие ее золотые страницы, шли и ехали в этот теплый, уютный и приятный для общения дом [1].

В доме М.Сейткулова останавливались, приезжая в Семипалатинск Абай и его ученики – Турагул, Кокбай, Шакарим и другие. А в 1912 году, в один из приездов Шакарима в дом М.Сейткулова и была сделана всем известная фотография поэта, которая долгое время хранилась в доме Мухамедхановых.

В доме Сейткулова частыми гостями были деятели литературы и искусства, известные представители казахской интеллигенции, такие как Алихан Букейханов, Ахмет